

Тайынша Мәңгі

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 17 (984) 19 сәуір 2024 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

СУ ТАСҚЫНЫ КЕЗЕҢІНДЕ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАРДЫ КҮШЕЙТУ

Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері А.С. Есмағамбетовамен «Су тасқыны кезеңінде санитариялық-профилактикалық іс-шараларды күшейту туралы» 2024 ж. 04.04. №3 Қаулысы шығарылды. Су тасқыны аумағында халық арасында инфекциялық аурулардың таралуының алдын алу және Қазақстан Республикасының аумағында санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылықты қамтамасыз ету мақсатында, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 102-бабына сәйкес:

Орталықтанған су көздерін, сумен жабдықтау жүйелерін және орталықтанбаған сумен жабдықтау көздерін пайдалану бойынша көрсетілетін қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер:

Халықты сапасына кепілдік берілген ауызсумен қамтамасыз ету керек;

Реагенттер мен зарарсыздандыру құралдарының тәуліктік жұмсалыуына қарай қажетті мөлшерінің болуын және оларды есептеуді жүргізу және су дайындау технологиясының мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз ету керек;

Халыққа берілетін ауызсудың, оның ішінде микробиологиялық және вирусологиялық көрсеткіштер бойынша қауіпсіздігіне өндірістік бақылауды күшейту керек;

Су дайындау технологиясына, сумен қамтамасыз ету объектілеріне қойылатын санитариялық қағидалардың және ауызсу қауіпсіздігі көрсеткіштерінің гигиеналық нормативтерінің талаптарына сәйкес ауызсуды уақтылы зарарсыздандыруды жүргізу керек.

Су басқан аймаққа енген аумақтарда тамақ өнімдерін өндіру және өткізу бойынша көрсетілетін қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер:

Өнімді өндіру, тасымалдау, сақтау және өткізу кезінде санитариялық қағидалардың сақталуын және санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шаралардың жүргізілуін өндірістік бақылауды күшейту керек.

Зардап шеккен аумақтардағы су құбыры жүйелері мен құрылыстары істен шыққан жағдайларда жергілікті атқарушы органдарға:

1) халыққа шаруашылық-тұрмыстық мақсаттар үшін мамандандырылған автокөлікпен жеткілікті мөлшерде сапасына кепілдік берілген су жеткізуді не бөтелкедегі ауызсуды (тәулігіне бір адамға кемінде 3 литр есебінен) таратуды ұйымдастыру керек;

2) су алу орындарында сумен қамтамасыз ету объектілерін және ашық су көздерін қарап-тексеруді ұйымдастыру керек;

Су тасқыны жағдайын тұрақтандыру кезінде жергілікті атқарушы органдар:

1) су құбыры жүйелері мен құрылыстарын, орталықтанған сумен жабдықтау жүйелерін тазалауды және дезинфекциялауды;

2) арнайы бөлінген учаскелерде жиналған қалдықтарды кәдеге жарата отырып, елді мекендердің аумақтарын (жеке үй иеліктері, тұрмыстық қатты қалдықтар полигондары мен полигондары, зираттар, контейнерлік алаңдар және басқа да объектілер) санитариялық тазалауды;

3) белгіленген талаптарды сақтай отырып, өлген жануарларды жинауды және көмуді;

4) сібір жарасы көмілген ошақтарды зертханалық зерттей отырып, халық және жануарлар арасында инфекциялық аурулардың және аса қауіпті инфекциялардың таралуына жол бермеу жөніндегі іс-шараларды жүргізуді қамтамасыз ету керек.

Үнемі негізде судың сынамаларын теру жоспарына сәйкес сумен жабдықтау объектілерінде Тайынша ауданы бойынша ұлттық сараптама орталығының мамандарымен ауыз суға мониторинг жүргізіледі. 2024 жылдың бірінші тоқсанында зертханалық бақылауға су құбырындағы судың 20 сынама санитариялық-химиялық және 20 сынама бактериологиялық зерттеуге алынды, орталықтанбаған сумен жабдықтау объектілерінен 15 сынама санитариялық-химиялық және 15 сынама бактериологиялық зерттеуге алынды. Көрсеткіштер бойынша сәйкес келмеген судың сынамалары ерекше бақылауға алынды, нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына сәйкес сәйкесінше шаралар жүргізілді.

Тайынша ауданының тұрғындарына су тасқыны кезеңінде суды тамақты дайындау және ішу үшін қайнаған немесе бөтелкедегі суды пайдалануды ұсынамыз.

Анар ШАРИПОВА,

«ҚР ДСМ СЭБ комитеті СҚО СЭБ департаменті Тайынша аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысының м.а.

«АДАЛ АДАМ – АДАЛ ЕҢБЕК – АДАЛ ТАБЫС»

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ: ...Тағы бір іргелі құндылық – бірлік және ынтымақ. Біздің күшіміз – бірлікте. Жұртымыз басына түскен тауқыметтің бәрін мызғымас бірліктің арқасында жеңіп келеді. Орасан зор сын-қатерлер пайда болған қазіргі заманда ынтымақ-бірліктің маңызы арта түсті. Қазақстан – бәріміздің қасиетті қара шаңырағымыз. Сондықтан әрбір азамат ел тағдырына өз тағдырындай қарауға тиіс. Біздің күшіміз – ынтымақта. Еліміздің әлеуметтік саясаты осы құндылыққа негізделген. Мемлекет те, қоғам да көмекке шын мұқтаж адамдарды қолдауға қашанда дайын. Біздің еріктілеріміздің ерен еңбегі – жанашыр болудың шынайы үлгісі. Олар кез келген сәтте өзгелерге риясыз көңілмен көмектесуге ұмтылады. Бизнес өкілдері және басқа да азаматтарымыз түрлі қайырымдылық шараларға белсене атсалысады. Бұл да – тілеулес болудың айқын көрінісі. Халқымыздың қанына сіңген жанашырлық, қамқорлық, бауырмалдық сияқты асыл қасиеттер біздің ұлттық ерекшелігіміз болып қала береді...

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінен үзінді2024 жыл 15 наурыз.

ҚҰРМЕТТІ ТАЙЫНША АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ! ҚҰРМЕТТІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Біздің солтүстік өңіріміздегі су тасқынына қатысты жағдай күрделі болып отыр. Тайынша ауданы үшін су тасқынының аса ауыр кезеңі артта қалды деп сенеміз. Бұл кезеңнің қаншалықты қиын болғанын өздеріңіз де білесіздер. Ендігі кезекте көршілес орналасқан Қызылжар ауданы мен Петропавл қаласында қалыптасқан жағдай күрделі.

Бұрын-соңды болмаған жағдай адамдардың мал-мүлкінен түк қалдырмай, жерлестеріміз қиын жағдайға тап болды. Үлкен көлемде келген су қора-қопсы, үй-жайларды басып, көп адам баспанасыз қалды. Қолымыздан бар келетіні – жүректерде үміт отын сақтап, қиын-қыстау сәтте бір-бірімізге қолдау көрсету.

Ауданымыздың тұрғындары зардап шеккендерге көрсетіп жатқан гуманитарлық көмектері ізгі ниетпен жасалып жатқан және жүректерге үміт ұялататын игі шара деп білемін. Бүгінгі таңда Тайынша

ауданынан су тасқынынан зардап шеккен аумақтарға гуманитарлық көмекті жинап, жөнелтуге аудан тұрғындары асқан белсенділікпен қатысып жатыр. Гуманитарлық көмек жинау пунктері ашылып, азық-түлік, су, төсек-орын және киім-кешектер жинақталып жатыр. Осындай қайырымды шараға қатысып жатқан азаматтардың қатары күн санап артып келе жатқандығы қуантады. Бұл баға жетпес бірліктің, ортақ тілек пен ниеттің көрінісі. Осы ретте Тайынша ауданының тұрғындарына, еріктілерге, кәсіпкерлерге, мекеме қызметкерлері мен басшыларына алғыс білдіремін!

Топан судың беті қайтар. Осындай береке-бірлігіміз сынарлар шақта біз бәріміз бірге болайық, бір ел болып жерлестерімізге көмек қолын созып, күресті одан әрі жалғастыруға ниеттіміз. Өйткені бұл баршамызға ортақ мәселе. Күшіміз бірлікте! Біз біргеміз!

Берік ӘЛЖАНОВ, Тайынша ауданының әкімі.

СУ ҚҰРСАУЫНДА ҚАЛҒАН ҚАЛА

Мемлекет басшысы су тасқыны салдарынан қалыптасқан ауыр жағдайға байланысты республика халқына арнаған Үндеуінде атап өткендей, көлемі жағынан соңғы 80 жылдан астам бергі ең ірі табиғи апатты еңсерудің қажетті шаралары қабылданып, зардап шеккен аймақтарға барлық ресурстар тартылған. Аэровизуалды тексеру және дрондарды пайдалану арқылы өзендер мен су қоймаларындағы су тасқыны жағдайына мониторинг жүргізілуде. Су тасқыны салдарын жою, сондай-ақ оған қарсы іс-шаралар мен авариялық-құтқару жұмыстары, еріген қар суын бұру, инертті материалдар салынған қаптар төсеу, каналдарды, арық жүйелерін нығайту, адамдарды қауіпсіз жерлерге эвакуациялау қарқынды түрде жалғаса түскен. Төтенше жағдайлар министрлігінің ақпаратна қарағанда, зардап шеккен өңірлерге 1400 тонна гуманитарлық көмек жеткізілді. Ақмола, Ақтөбе, Қостанай, Атырау, Солтүстік Қазақстан облыстарында 4 870 жеке тұрғын үй, 1264 аула аумағы су астында қалды. Бірлескен күштермен 9,3 млн.-нан астам текше метр еріген қар суы сорылды, 1,9 млн. қапшық және 1,2 млн. тонна инертті материал төселді. 3402 тұрғын үй мен 2 041 аула аумағынан су бұрылды. 107119 адам, оның ішінде 38 457 бала эвакуацияланды. Әуе кемелері арқылы 3458 адам, оның ішінде 1138 бала құтқарылды. 11674 адам үйлеріне оралды. Уақытша орналасу пунктеріне 7414 адам, оның ішінде 3173 бала орналастырылды. Су шайған 109 автожол, 9 көпір және 100 жол төсемі бақылауға алынды. Қазіргі уақытта 84 елді мекен көлік қатынасынсыз қалып отыр. Ақмола облысында Жабай, Қалқұтан, Есіл өзенінде су деңгейінің көтерілуіне байланысты Сандықтау ауданының Быстрымовка, Сандықтау, Каменка, Балкашино ауылдарында, Астрахан ауданының Еңбек, Ягодное ауылдарында, Атбасар ауданының Самара ауылында жеке тұрғын үйлерді су басты. Үкімет басшысы Олжас Бектенов су тасқынына қарсы іс-шараларды үйлестіру үшін Орал қаласына барды. Мұнда Жайық өзенінің жағалауын нығайту және бөгет құрылыстарын салу жұмыстарының барысын тексерді. Жайық өзенінің су деңгейі 7,58 метрге дейін көтерілді. Сарапшылар су тасқынының шарықтау шегі 20-21 сәуірде болады деп болжауда. Премьер-Министр су тасқыны қайтадан күшеюі мүмкін екенін ескертті. Өңірлер су тасқынының нақты қауіпін жете бағалай алмағанын айтты. Табиғи апатқа алып келген негізгі фактор – қалың қар, топырақтың тоң болып қатып қалуы, күннің күрт жылынуы мен жауын-жашынның молдығы. Атқарылып жатқан кешенді шараларға қарамастан Қызылжар өңірінде жағдай әлі күрделі. Петропавл қаласында, ф. Мусирепов атындағы, Шал ақын, М. Жұмабаев, Айыртау, Есіл, Тимирязев, Қызылжар аудандарының елді мекендерінде бір мыңнан астам жеке тұрғын үй, 1010 аула аумағы су астында, 73 ауыл көлік қатынасынсыз қалды. Олардағы тұрғындармен байланыс орнату мақсатымен қажетті азық-түлік пен дәрі-дәрмек қорлары құрылды. Қарғын су Бескөл кенті маңындағы бөгетті

жарып өтіп, Жамбыл, Береговой, Киров, Қарасай батыр, Бауқенов, Разин көшелерінің тұрғындары жедел түрде қауіпсіз жерлерге көшірілді. Тепличное ауылында коттедждер мен таунхаустар суда тұр. Қарғын су Вишневка, Ольшанка, Большая Малышка, Соколовканы еңдей өтіп, Бескөлге шыға берістері МАИ бекетін жабуға тура келді. Бас шаһарды айнала су құрсаулап, ахуал тіпті қиындап кетті. Бөгеттер қатты ағысқа шыдас берер емес. Су тасқынының екпіні жаман, шарықтау шегіне жетіп, Былғары зауыты, Ойқала шағынаудандарында, Заречный кентінде 1068 жеке баспана су астында қалды. 10345 адам эвакуацияланды, 2328-і-балалар. 688 адам эвакуациялық орталықтарға, 9613 адам туған-туыстарына қоныстанды. 695759 текше метр су сорылды. Өкінішке қарай, 22458 метр бөгет нығайтылып, 8401 метр бөгет салынып, 204036 қапшық төселгенімен, көбін су ағызып әкетті. Су тасқынына қарсы шараларға 4545 адам, 850 техника, 481 су сору құрылғысы, 117 жүзу құралы, 3 әуе кемесі, сондай-ақ Астана, Алматы қалаларынан, Түркістан, Қарағанды, Павлодар облыстарынан жедел күштер жұмылдырылған. Су тасқынының «Қызылжар су» ЖШС-нің сорғы станциясына зор залал келтіргенін соншалық, қала тұрғындары бірнеше күн тіршілік нәрінісіз қалды. Оған мұздардың электр бағаналарын қиратуы себеп болды. «Солтүстік Қазақстан электр желісін тарату компаниясы» АҚ-ның мамандары ақауды қалпына келтірді. Оған дейін су таситын арнайы 50 көлік күні-түні қызмет етті. Бастапқыда қала әкімдігі ауыз су 4 сағат ішінде берілетініне сендірген. Алайда апат ауқымы жағдайды күрделендіріп жіберді. Дегенмен, 14 сәуірде қараған түні су үздіксіз келе бастады. Электр жарығы да қосылып, қала тіршілігі қайтадан жанданды. Тұрғындар да барынша төзімділік, сабырлық танытып бақты.

Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр мен облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетовтың әр күні қауырт қимылдарға толы болды. Аумақты суретке түсіру және деректерді ішкі радиобайланысы бар картаға 2D форматында лезде жіберу үшін барлау дрондарын белсенді пайдалану тапсырмасын Петропавл ауыр машина жасау кәсіпорны орындап, ұшқышсыз ұшу аппараттарын іске қосты. «KEGOC» АҚ авариялық-құтқару жасақтарымен ынтымақтасудың маңыздылығы аталды. Өңірде тасқын су қауіпі күшейе түспесе, әзірге сөйлер түрі көрінбейді. Бір күнде 400-ден астам үйдің су астында қалуы жағдайдың өте күрделі екенін аңғартады. Қалаға кіре берістері Пестрое көлінің жағалауын қарғын судың шаюы салдарынан жол қатынасы кесіліп қалды. Мұндай жайт бірінші рет кездесіп отыр. Облыстық төтенше жағдайлар департаменті ұсынған жедел ақпараттар бойынша Сергеев су қоймасына– 1051,8 млн. (151,77 пайыз), Петропавл су қоймасына–28,12 млн. (114,78 пайыз), Сілетіде–230,40 млн. (100,17 пайыз), Шағалалыда 25 млн. текше метр (89,29 пайыз) су жиналған.

Өмір ЕСҚАЛИ, “Soltüstik Qazaqstan”.

XII «СЕНІМ» БАЙҚАУЫНА ҚАТЫСУҒА ШАҚЫРАМЫЗ!



Байқауға өтінімдер қабылдау – 2024 жылғы 30 сәуірге дейін. Байқауға қатысу өтеусіз негізде жүргізіледі. Жеңімпаздарды марапаттау 2024 жылғы 29–31 мамырда Астана қаласында өтеді.

Байқау үш номинация бойынша өткізіледі:

1. «Еңбекті қорғаудың үздік қызметі» (I, II, III орындар)

Еңбек жағдайларын ішкі бақылауды қамтамасыз ету, жұмыс орындарында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі белгіленген талаптарды сақтау және анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде дереу шаралар қабылдауға қатысты еңбекті қорғау қызметінің жұмысы

2. «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік инженер» (I, II, III орындар)

Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кәсіпорында өндірістік жарақаттанудың алдын алу жөніндегі инновациялық іс-шараларды және жұмыс орындарында өндірістік, техникалық және еңбек процесстерін жақсарту жөніндегі жобаларды іске асыратын ұйымның құрылымдық бөлімшелерінде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыратын еңбекті қорғау жөніндегі инженердің қызметі

3. «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспектор» (I, II, III орындар)

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді жұмыс берушінің сақтауын қоғамдық бақылау арқылы жұмыс берушінің алдында жұмыскерлердің еңбекті қорғауға құқықтарын қорғауды жүзеге асыратын еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектордың қызметі

БІЛУ, ҚОЛДАНУ, ЖЕҢУ!

Байқауға не үшін қатысу қажет?

«СЕНІМ» – Қазақстандағы еңбекті қорғау саласындағы кәсіпқой мамандарға арналған жалғыз байқау.

Байқауға қатысу дегеніміз – бұл іскерлік мәртебені растаудағы тәжірибелік қадамдар, қызметкерлер мен клиенттер алдындағы біліктілік пен әлеуметтік жауапкершілікті көрсету.

Байқау жеңімпаздары туралы ақпарат байқауды ұйымдастырушылардың интернет-ресурстарында және «Қазақстанда еңбекті қорғау» кәсіптік баспа түріндегі электрондық журналында жарияланады.

Байқауға қатысу пайдалы байланыстар орнатуға мүмкіндік береді.

Байқау – бұл сіздің кәсіпорыныңыздың еңбекті қорғау бойынша мамандары жұмысының тиімділігін көрсетудің бірегей мүмкіндігі.

Байқау барлық меншік нысанындағы ұйымдар мен жеке кәсіпкерлер арасында кәсіпорын қызметкерлерінің өндірістік жарақаттануы мен кәсіптік ауруға шалдығуының алдын алудың тиімділігін арттыру, сондай-ақ қызметкерлердің қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау үшін жұмыс берушілерді ынталандыру мақсатында өткізіледі.

Байқауға қатысу үшін 5 қадам

1. 2023 немесе 2024 жылдары «Қазақстанда еңбекті қорғау» журналына жазылуды (әлі жазылмағандар үшін) ресімдеу не болмаса «ACTUALIS: Охрана труда» электрондық жүйелеріне кіруге рұқсат алу.

2. Толтырылған сауалнама-өтінімді ұсыну, номинацияны, үміткердің тегін, атын және әкесінің атын (бар болса) көрсету. Әр номинация үшін жеке сауалнама-өтінім ұсынылады. «Еңбекті қорғаудың үздік инженері» және «Еңбекті қорғаудың үздік техникалық инспекторы» номинациялары үшін ұйым ұсынатын үміткерге міндетті түрде мінездеме ұсынылуы тиіс. Мінездемеде қызметкердің жетістіктерін, оның өз жұмысында қандай әдістер мен технологияларды пайдаланатынын, оның еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша қандай шаралар қолданатынын, өз білімі мен дағдыларын қалай жетілдіретінін және т. с. с. көрсету қажет.

3. Байқауға қатысу үшін нақты кәсіпорындағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласына қатысты материалдар мен мәліметтер дайындау (нұсқаулықтар, жергілікті құжаттар, Word пішіміндегі ережелер, фотосуреттер, таныстырылымдар), (3–5 бет, пішімі: А 4, қаріп: Times New Roman 12).

4. **Өз таңдауыңыз бойынша байқау жұмысын орындау арқылы қосымша балл алу:**

1) «Кәсіпорынның экологиялық қауіпсіздігі» тақырыбына материал дайындау;

2) «Шағын проза» тақырыбына материал («Еңбекті қорғау жөніндегі инженердің өмірінен бір күн» эссесі, «Бір күні...» әңгімесі, еңбек ардагері туралы очерк) жазу. Үздік мақалалар мен фотосуреттер 2024 жылы «Қазақстанда еңбекті қорғау» журналында жарияланатын болады.

Қатысушы материалдарына қойылатын талаптар:

1. Қатысушы 2024 жылғы 30 сәуірге дейін ресімделген және қатысушы кәсіпорын басшысы мен жауапты орындаушы қол қойған, еңбекті қорғау бойынша орындалған іс-шаралар туралы практикалық материалдарды (әр номинация бойынша жеке) байқау комиссиясына ұсынуы қажет.

2. Практикалық материалдарда:

– еңбекті қорғауды басқару жүйесін енгізу бойынша орындалған жұмыстардың;

– жаңа қауіпсіз технологиялардың;

– жабдықты жаңарту және жаңғырту үдерісінің;

– өндірістегі қауіпті әрі зиянды факторларды азайту жұмыстарын ұйымдастырудың;

– жұмыскерлерді жазатайым оқиғалардан әлеуметтік және міндетті сақтандыру жұмыстарын ұйымдастырудың сипаттамасы қамтылуы мүмкін.

Материалдар қағаз және электрондық тасығыштарда қабылданады.

Материалдарды кәсіпорын деректемелерін, орындаушының тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) көрсете отырып, номинациялар бойынша жеке папкаға тігу керек.

3. Мақала («Қазақстанда еңбекті қорғау» журналында бұрын жарияланбаған) келесі айдарлардың біріне сәйкес келуі мүмкін:

– Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету

– Жұмыс орындарын аттестаттау

– Жасыл экономика

– Өнеркәсіптік қауіпсіздік

– Денсаулықты және қоршаған ортаны қорғау

– Еңбекті қорғау бойынша жұмысты ұйымдастыру

– Жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру және есепке алу

– Қауіпсіздікті техникалық реттеу

– Еңбекті қорғау жүйесіндегі оқыту

– Еңбекті қорғауды басқару

– Өрт қауіпсіздігі

– Әлеуметтік әріптестік

– Еңбекті қорғау жөніндегі маманның практикалық

Толық ақпаратты 8(7152) 361786 телефоны арқылы алуға болады

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің

мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы.

ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫН ЕСЕПКЕ АЛУ

Қазақстан Республикасында үй жануарларын тіркеу олардың иелерінің маңызды аспектісі және жауапкершілігі болып табылады. Үй жануарларын (мысықтар, иттер және т.б.) тіркеуге арналған кейбір жалпы ұсыныстар мен ережелер:

1. Тіркеу: Үй жануарларының иелері үй жануарларын ветеринарлық станцияға тіркеуі керек. Тіркеу әдетте жануар туралы ақпаратты, мысалы, аты, тұқымы, жасы, жынысы, орналасқан жері және иесінің байланыс ақпаратын қамтиды.

2. Таңбалау: Иттер мен мысықтар сияқты үй жануарларының кейбір түрлері арнайы идентификациялық чиптермен немесе иесі туралы ақпаратты қамтитын белгісі бар жағалармен белгіленуі керек. Бұл жоғалған жағдайда жануарды анықтауға көмектеседі.

3. Вакцинациялар: Үй жануарларының иелері үй жануарларының вакцинациядан хабардар болуын және олардың жұқпалы ауруларға қарсы тұрақты түрде вакцинациялануын қамтамасыз етуі керек. Ветеринариялық паспортта вакцинация және басқа да міндетті процедуралар туралы ақпарат болуы керек.

Бухгалтерлік есеп процедурасы мыналарды қамтиды:

• жануар иесінің немесе жауапты тұлғаның тіркеушіге мәліметтер беруі;

• үй жануарының жалпы денсаулығын визуалды тексеру және орнатылған бухгалтерлік өнімдердің бар-жоғын тексеру;

• деректер базасында тұқымдық сипаттамаларды көрсету;

• есепке алу өнімдерін (құралдарын) тіркеушілермен орнату;

• мәліметтер базасына ақпаратты енгізу;

• мәліметтер базасында жеке нөмірді тағайындау.

Үй жануарларының иелері үй жануарларын лайықты өмір сүру жағдайларымен, азықтандырумен, күтіммен және ветеринарлық күтіммен қамтамасыз етуге міндетті. Жануардың мінез-құлқын бақылау және өздігінен жүру кезінде туындауы мүмкін проблемалардың алдын алу маңызды, сонымен қатар Қазақстан Республикасында жануарларды ұстау және күтуге қатысты заңдар мен ережелерді сақтау қажет.

Үй жануарларын тіркеу олардың қауіпсіздігін, денсаулығы мен әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін маңызды. Заманауи есеп құралдарын пайдалану оңай, сонымен қатар әр жануарға қажетті ветеринариялық-профилактикалық шараларды тұрақты бақылауға мүмкіндік береді.

Тайынша ауданының ветеринариялық станциясы» ШЖҚ МКК.

Мейірімнің тамшысындай

Осыдан бес жыл бұрын шаңырақ көтеріп, қайырымдылық істерді жүзеге асыруды ізгі ниет еткен «Asar-Ume» республикалық қоғамдық қоры осы уақыт аралығында көптеген жандар мен отбасыларға өз шапағатын тигізіп үлгерді. Атап айтқанда, 892 көпбалалы отбасы мен жалғызбалалы аналарға үйдің кілті табыс етіліп, бес мыңға жуық балаға баспаналы болу бақыты бұйырды. Олардың арасында солтүстікқазақстандықтар да бар.

Бүгінгідей болжаусыз қиын қоғамда әйелдер қауымының бірқатар тығырықтарға тірелгені жасырын емес. Оған кей ер азаматтардың ұсақталып кеткенін қоссақ, ащы шындықты айналып өте алмайсың. Қорған болады деген азаматынан айрылған немесе қорлық, зәбір көрген қыз-келіншектер барар жері, басар тауы болмағандан кейін лажсыздан дағдарыс орталықтарын жағалайды.

Қордың құрылуына ұйытқы болған – марқұм Жаһангер апай Ахатқызы еді. Бастапқыда өмірдің ауыр тәлкегіне ұшыраған әйелдерге арналған дағдарыс орталығын ашып, қолынан келген көмегін аянбады. Бірақ уақытша қамқорлық мәселені түбегейлі шеше алмайтынын, тағдырдың тауқыметін тартып отырған міскіндерге бірінші кезекте баспана қажет екенін түсінеді. Үлкен жүректі асыл азаматша қайырымды меценаттардың қолдауымен диттеген мақсатына жетіп, қашан ақтық демі таусылғанша жетім-жесірлердің қошеметіне бөленіп өтті. Мектептерге, жетімдер үйлеріне, мешіттерге жиі баратын. Кейін мешіттердің біріндегі қайырымдылық қорына қайрылып, жетім-жесірлерге арнап үй салу туралы ойымен бөліседі. Нәтижесінде рақымшылық істермен айналысып жүрген жандар жеке кәсіпкер Асхат Нұрмашевпен бірлесе отырып, «Asar-Ume» қайырымдылық қорын құруға мұрындық болды.

Қор президенті Асхат Нұрмашев мұқтаж жандарға азық-түлікпен, киім-кешекпен, дәрі-дәрмекпен көмектесудің тиімділігі шамалы екенін, үй сатып әперудің орны бөлек екенін дер кезінде аңғарады. Тұрғылықты жері бойынша тіркелмеген әйел мемлекеттік жәрдемақыдан қағылатын, емханаға тіркеліп, емделе де алмайтын. Сондықтан меценаттар, құрылыс компаниялары демеушілік қолын созып, құрылыс материалдарымен жәрдемдесуді бастайды. Жұмыс осылай біртіндеп жанданып сала береді.

Қордың өкілдігі облыста төрт жыл бұрын ашылды. Қазір еріктілердің саны отызға жуық. 48 бала тәрбиелеп отырған 9 отбасыға баспананың кілті ұсынылды. Жақында Қызылжар ауданына қарасты Прибрежное ауылында тұратын көп балалы, жалғызбалалы анаға үй табыс етілді.

«Жетім көрсең, жебей жүр, жесір көрсең, демей жүр» деп текке айтылмаған. Оның сауабын тілмен жеткізу қиын. Рамазан айында еліміз бойынша 150 отбасын баспанамен қамту белгіленді. Үш үй өңірімізге тиесілі. Қайырымдылық шаралары мұқтаж жандарға баспана алып берумен ғана шектелмейді. Ұл-қыздарының білім алуына, грант бөлінуіне, жазғы лагерьлерде тынығуына, ата-аналарының жұмысқа орналасуына қол ұшын беру үшін «Өркендеу» бағдарламасы іске қосылған.

«Asar-Ume» қоғамдық қоры ең алдымен көпбалалы отбасыларға көмектесуді алғы мақсат етеді. Отбасында кемінде бес бала болуы шарт, толық немесе асыраушысынан айырылған болуы да мүмкін. Үміткерлер меншікті үйі жоқ, айлық табысы 170 мың теңгеден аспайтын адамдардың арасынан іріктеледі. Мүгедек баласы барлар немесе отағасы жарымжан болса, ондай отбасылар үшін төрт бала жеткілікті. Қор алғашқы күннен бастап қаржы-қаражат қозғалысының ашықтығын көпшілікке жария етіп, әлеуметтік желілерде, қордың арнайы парақшасында орналастырылады. Әр шара журналистердің, блогерлердің қатысуымен өтеді. Жыл сайын аудиторлық ұйымдар тексеріс жүргізеді. Оның нәтижелері де сайттарда жарияланады. Бүгінде қайырымдылық қорлары көп болғанымен, кейбірі қағаз жүзінде ғана рәсімделген, бірқатарына мөлдірлік жетіспейді. Басты ойымыз – қайырымдылық ұйымдарының біріктіре отырып, UNICEF сияқты әлемге әйгілі қазақстандық бренд құру.

Алты баланың анасы Айгүл Таева отағасы қайтыс болып, отбасының жалғыз асыраушысы далада қалғандай күй кешкен. Жалдамалы пәтерде тұрған. 2021 жылы «Asar-Ume» қоғамдық қоры оған көмекке келді. Мағжан Жұмабаев ауданының орталығы Булаево қаласынан суы тартылған, күрделі жөндеуден өткен жайлы баспана сатып әперді. Ауласы кең, ойын алаңы, моншасы мен қора-қопсысы бар. Сондай-ақ өз кәсібін игеруге арнайы сертификат сыйланды. Сол қаржыға он шақты қой сатып алып, шағын кәсіпкерлігін өркендетіп отыр.

«Қаз-үйректің панасы – көл, жетім-жесірдің панасы – ел» демекші, сүйенеріміз-жүрегі кең, қолы ашық азаматтар. Қордың тұрақты серіктестері бар. Қазақтың ежелден келе жатқан дәстүрі – асарға сүйенеміз. Жұмыла көтерген жүк әманды жеңіл келеді.

Жетім-жесірлерді баспаналы қамтамасыз ету, отанасын жұмысқа орналастыру, балаларына заманауи лайықты білім беруге ықпал жасау басты бағдар болып қала береді. Алдағы уақытта қаржылық сауаттылық, отбасы бақыты туралы тренингтер өткізуді жоспарлап отырмыз.

Хадистердің бірінде «Жесір мен мен жетімге көмектесу – Алла жолындағы жиһадпен тең», – делінген. Ендеше сауапты ісіміз жалғасын таба беруге нәсіп еткелі.

Әнуар ТОҚПАН,
«Asar-Ume» қоғамдық қорының өңір бойынша үйлестірушісі.

«АҢДЫЛАТЫН» КӨЛІК: КӨЛІКПЕН АЛДАУДЫҢ СХЕМАЛАРЫ

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, Қазақстанда 2024 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 5,3 млн-нан астам автокөлік тіркелген, оның 88,1% - ы жеңіл автомобильдер. Бұл ретте электромобильдерге сұраныс айтарлықтай өсті, олардың саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 9,2 есеге – 914-тен 8366 бірлікке дейін өсті.

Алаяқтар да автомобиль нарығындағы үрдістерді қадағалап, әртүрлі тұзақтарды ойлап табады. Олар туралы Fingramota.kz толығырақ айтып береді.

«АҢДЫЛАТЫН» КӨЛІК: КӨЛІКПЕН АЛДАУДЫҢ КӨП ТАРАЛҒАН СХЕМАЛАРЫ



№ 1 тұзақ – «Автокөлік иелеріне көмекшілер»

Қазақстанда қарыздарды, оның ішінде автокредиттерді ресімдеу және АҚЖО және КАСКО бойынша сақтандыру төлемдерін алу бойынша делдалдық қызметтерді ұсынатын кредиттік немесе сақтандыру «көмекшілері» кезең-кезеңімен жанданып жұмыс істейді. Азаматтар «көмекшілер» темір атқа қатысты мәселелерін жедел шешеді деп ойлайды және алаяқтарға өздерінің жеке деректерін: жеке басын куәландыратын құжаттың сканерленген көшірмесін, төлем карточкаларының толық деректемелерін, SMS-кодтарды және т.б. өз еркімен береді. Делдалдармен барлық өзара іс-қимыл жасау әдетте онлайн форматта болса да, осылай әрекет етеді.

Шын мәнінде, алаяқтар өз құрылғыларынан азаматтардың жеке кабинеттеріне қол жеткізу үшін қолдан келгенін бәрін жасайды. Онлайн-банкінгі «бұзу» арқылы қылмыскерлер сервиске байланысты ұялы нөмірді оңай өзгерте алады және бөгде адамдарға тіркелген өздерінің нөмірін көрсетеді. Бұдан кейін олар алаяқтықтың құрбаны атынан онлайн-қарыздар алу үшін әртүрлі МҚҰ-ға өтініш бере бастайды. Нәтижесінде алаяқтықтың құрбаны атына кредит ресімделеді және шоттағы барлық қаражатты қаскүнемдер үшінші тұлғалардың – дропперлердің шоттарына аударады.

Дропперлерді алаяқтар әдетте, олардың заңсыз

алынған ақшаны әртүрлі шоттар арасында аудару үшін «жалдайды». Бұл қылмыскерлерге іздерін жасыруға және тергеу жұмысын қиындатуға мүмкіндік береді. Бұл ретте алаяқтық аударымдар әртүрлі елдерде және әртүрлі адамдардың атынан жасалуы мүмкін. Дроппер өз жұмысы үшін өзінің көмегімен қаскүнемдер аударған ақшаның пайызын алады. Ал қарыз алушы алаяқтарға алданғанын біліп, алаяқтық әрекетті дәлелдей алмай, қалтасын сипап, ақшасыз қалады.

№ 2 тұзақ – «Басқа елдерден көлік сатып алу немесе айдап келу»

Қазақстандықтар күннен күнге таяу және алыс шет елдерден автокөліктерге тапсырыс беруде. Мұнда шетелден көлікті сатып алатын немесе оны айдап келетін делдалдарды іздеу кезінде абай болу керек. Еліміздің аумағы бойынша көлікті жеткізу кезінде, мәселен, тапсырыс Алматы қаласына келді делік, көлікті елордаға дейін айдап апарып беретін адамды іздеу кезінде де қырағылықты жоғалтпау керек.

Алаяқтар көлікті тасымалдау бойынша қызметтерді ұсына отырып, әлеуметтік желілерде жалған сайттар, топтар, мессенджерлерде арналар құрады. Адамдар қызмет үшін ақы төлейді, содан кейін автомобильсіз және қаражатсыз қалады. Қаскүнемдер автомобиль құнының 20-30%-ы мөлшерінде және одан көп алдын ала ақымен тапсырыстар қабылдайды, және осыдан кейін ақшамен бірге жоқ болып кетеді.

№ 3 тұзақ – «Кепілге салынған/тыйым салынған көлікті сату»

Алаяқ төмендетілген бағамен көлік сатып алуға ниет білдіруші адамдарды іздестіріп тауып алады, өзін банк қызметкері немесе ЖСО деп таныстырып, көлікке тыйым салынғанын/кепілде екендігін және оны кепілден/бұғаттаудан шығара алатындығын хабарлайды.

Қылмыскер шынайылық үшін кездесуді ауыртпалық салынған автомобильдер тұратын банктің тұрағында немесе шынайы ЖСО ретінде белгілейді. Көбіне мұндай тұрақтарға кіру қолжетімді. Жалған қызметкер әулетті құрбан болатын адамға тұрақтағы басқа адамдармен байланыспауды, мәміле құпия түрде болуға тиіс екендігін айтады. Құрбан болатын адам ақшаны қаскүнемге береді, ал ол осыдан кейін жоқ болып кетеді.

№ 4 тұзақ – «Бір машина – әртүрлі бағалар»

Қаскүнем хабарландыру сайттарынан стандартты бағамен көлік сату туралы ұсыныстарды тауып алады, осыдан кейін хабарландыруды көшіріп алып, машинаны нарықтағы ең төменгі бағамен сатуға қояды. Содан кейін машинаның шынайы сатушысымен байланысып, оған көлікті сатуға көмектесетінін, ал сатқаны үшін комиссияны сатып алушыдан алатынын хабарлайды. Алаяқ сатып алушыларды сатушыға жіберіп отыратындығын айтып,

көліктің техникалық жай-күйін көрсетуді сұрайды.

Нәтижесінде алаяқ ықтимал сатып алушылармен кездесулер белгілейді, көлікті өзінің көмекшісінің, туысының көрсететінін айтады, ал шындығында ол адам мұның барлығынан бейхабар көлік иесі болып табылады. Содан кейін алаяқ бірнеше сатып алушыдан кепілақы алып, өзі жоғалып кетеді, ал көлік құралының нақты иесіне меншік иелерінен шағымдар келіп түседі.

Алаяқтардың құрбаны болмау үшін не істеу керек?

Көлікті сату, тасымалдау, қажетті құжаттарды ресімдеу және т.б. болсын, әсіресе сізге көлікті нарықтағы бағадан әлдеқайда төмен бағада ұсынатын жағдайда, әрдайым кез келген ұсынысқа сын көзбен қараңыз.

Сізге тиімді жағдайларда банктік қарыздар немесе микрокредиттер ресімдеуді ұсынатын делдалдарға сенбеңіз, кредит ресімдеу үшін ақшалай сыйақы бермеңіз. Бұлар – алаяқтар!

Мәміле шарттарының қаншалықты тартымды екендігіне қарамастан көлік сатып алу үшін кепілақы, аванс немесе кепіл ретінде ақша аудармаңыз.

Көліксатып алу кезінде автоматтандырылған ақпараттық жүйе, сот кабинеті сияқты ашық дереккөздерінен сатушы жайлы жан-жақты біліп алыңыз, теріс пікірлердің болуы-болмауын тексеру үшін интернеттегі іздеу жүйелері арқылы сатушының деректерін тексеріңіз. Қарыздар мен микрокредиттер алу үшін тікелей банктерге немесе микроқаржы ұйымдарына жүгініңіз. Кез келген кредит – үлкен жауапкершілік екенін әрдайым есте ұстаңыз.

Цифрлық тазалықты сақтаңыз! Бейтаныс адамдарға WhatsApp, Telegram және басқа мессенджерлер арқылы өзіңіз және картаңыз: құпиясөздер, логиндер, кодтар, ЭЦҚ-кілттер және басқа дербес деректер (ЖСН, жеке куәліктің немесе паспорттың нөмірлерін, төлем картасының деректемелерін: картаның артындағы үш таңбалы код (CVV/CVC-код), оның нөмірі, қолданылу мерзімі және т.б.) туралы мәліметтерді бермеңіз. Әлеуметтік желілерде жеке басыңызды куәландыратын құжаттарыңыздың және төлем карталарыңыздың суреттерін жарияламаңыз. Бейтаныс адамдардың нұсқауы бойынша вирустық, тыңшы немесе үшінші тұлғаларға сіздің құрылғыңызды қашықтан басқаруға мүмкіндік беретін (мысалы, AnyDesk немесе TeamViewer) қосымшаларды жүктемеңіз. Фишингтік сілтемелер бойынша өтпеңіз. Күмәнді сайттарда тіркеуден өтпей тұрып, олардың https://-тан басталуға тиіс мекенжайын тексеріп алыңыз.

Алдау дерегін дәлелдеу, оған қоса қаскүнемдерді іздеп табу кейде құқық қорғау органдарының қолынан келе бермейді. Сондықтан мәміле жасама бұрын сатушыны мұқият тексеріңіз, төлем жасауға асықпаңыз, егер бір нәрсеге күдіктеніп тұрсаңыз заңгерден консультация алуыңызға болады.

КРЕДИТТЕРДЕН БАС ТАРТУ

Кредит алаяқтары әлеуметтік инженерия мен IT-технологиялар әдістерін пайдаланып банктер, микроқаржы ұйымдары клиенттерінің дербес деректерін қолға түсіруге тырысады.


Қазақстанда қаржылық қылмыстардың санын төмендету мақсатында одан қорғанудың арнайы тетігі әзірленді, оның шеңберінде әрбір азамат жаңа кредиттер алуға тыйым салуды дербес енгізе алады. Оны қалайша іске асыру жөнінде Fingramota.kz айтып береді.

Қарыздар беруге дербес тыйым салу («Стоп кредит» немесе «6 айға банктік қарыздар, микрокредиттер алудан ерікті бас тарту») – бұл адамның банктерден, микроқаржы ұйымдарынан (МҚҰ) жаңа кредиттер алудан ерікті бас тартуы. Мұндай тыйым салуды тек қарыз

алушының өзі белгілей алады. Аталған опцияны пайдаланған кезде қарыз алушының кредиттік тарихында оның кредиттер алудан уақытша бас тартқаны жөнінде белгі пайда болады. Кредиттік ұйым кредиттік бюролардан деректерді сұрақтан кезде шектеу жөнінде осындай белгіні көреді және автоматты түрде клиентке қарыз бермеу туралы шешім қабылдайды. Бұл ретте шектеу ломбардтарға, сондай-ақ өз клиенттерінің кредиттік тарихына баға бермейтін ұйымдарға қолданылмайды.

Назар аударыңыз: егер кредиттер ресімдеуге дербес тыйым салу белгіленгеннен кейін адамның атына ол білмейтін қарыз ресімделсе, берешек автоматты түрде жойылады.

«Стоп кредит» қызметін қалай пайдалануға болады



«6 айға банктік қарыздар, микрокредиттер алудан ерікті түрде бас тарту» кредиттік алаяқтардан қорғау болып табылады және оған eGov.kz сайтында, e-GOV mobile қосымшасында қол жеткізуге болады. Бұл сервиске азаматтардың ұсыныстарына сәйкес өзгерістер енгізілетін болады.

Қызметті компьютер арқылы пайдалану үшін:

- логин мен құпиясөзді пайдалана отырып, ЭЦҚ-ның көмегімен eGov.kz сайтына кіру;
- сайттың басты бетінде «Сервистер» - «6 ай мерзімге банктік қарыздар, микрокредиттер алудан ерікті түрде бас тарту» - «Қызметтерге онлайн тапсырыс беру» бөлімін таңдау;
- барлық міндетті жолдарды толтыру және ЭЦҚ арқылы өтінімге қол қою қажет.

Мемлекеттік қызметтер және онлайн ақпарат

1414

7 7172 906 984

Бірінші байланыс орталығы

қолдану алуға ықпал

қолдану алуға ықпал

қолдану алуға ықпал

қолдану алуға ықпал

ТОЛЕМДЕР	АШЫҚ ҰҚИМЕТ	ЖЕКЕ КАБИНЕТ	ПРОАКТИВТІ ҚЫЗМЕТТЕР	МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ РЕЕСТРИ	ПОРТАЛ ТУРАЛЫ	КОМЕК
АЗАМАТТАРҒА / БИЗНЕСКЕ						
ОНЛАЙН ҚЫЗМЕТТЕР БІР ТӨЗЕМДЕ						
ОТБАСЫ	ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ	БІЛІМ	ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ	ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ	ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ	ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ
ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ	АЗАМАТТЫҚ, МИГРАЦИЯ ЖӘНЕ ИММИГРАЦИЯ	ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК	КЕДЕН ЖӘНЕ САРЫҚТАР	КЕДЕН ЖӘНЕ САРЫҚТАР	КЕДЕН ЖӘНЕ САРЫҚТАР	КЕДЕН ЖӘНЕ САРЫҚТАР
ҚҰҚЫҚТЫҚ КОМЕК	КӨЛКІ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛАР	КОНСУЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР	ЕСКЕРІ ЕСЕП ЖӘНЕ КЛАССИФИКАЦИЯ	ЕСКЕРІ ЕСЕП ЖӘНЕ КЛАССИФИКАЦИЯ	ЕСКЕРІ ЕСЕП ЖӘНЕ КЛАССИФИКАЦИЯ	ЕСКЕРІ ЕСЕП ЖӘНЕ КЛАССИФИКАЦИЯ
СЕРВИСТЕР						
Қала шеңберінде жер үлесіне сатып алу	Сотталмаған болуы не болмауы туралы анықтама беру	Тұлғаларға қатыстылығы туралы анықтама беру	Бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күйіне байланысты әлеуметтік төлем тағайындау	Тұлғаларға қатыстылығы туралы анықтама беру	Занды тұлғаның барлық тіркеу әрекеттері туралы мәліметтерді ұсыну	Мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу үшін мектеп жасына дейінгі балаларды (6 жасқа дейін) кезекке қою
6 ай мерзімге банктік несиелерді, микрокредиттерді алудан ерікті бас тарту	Занды тұлғалар үшін жылжымайтын мүлікке болуы (болуы) туралы ақпарат беру	Белгіленген күнге тіркелген заңды тұлға				

Бұл қызметті телефоннан да қосуға болады:

- ЭЦҚ, қысқа код немесе Face ID/Touch ID арқылы e-GOV mobile қосымшасына кіріңіз;
- «Қызметтер» бөліміне өтіңіз, әрі қарай «Салықтар және қаржы» бөлімін таңдау керек;
- мәзірде «6 ай мерзімге банктік қарыздар, микрокредиттер алудан ерікті түрде бас тарту» бөлімін таңдау қажет;
- ЭЦҚ-кілттің көмегімен қызметті ресімдеуге келісім беретініңізді растап қол қойыңыз.

Назар аударыңыз: «Банктік қарыз, микрокредит алудан 6 айға ерікті түрде бас тарту» қызметінен кез келген уақытта бас тарта аласыз. Өзіңіздің ЭЦҚ-кілтіңізді бөгде адамдарға бермеу маңызды!

Цифрлық гигиенаны сақтаңыз!
Fingramota.kz қауіпсіздіктің қарапайым шараларын ұстаныңыз, олар қаржылық алаяқтық тұзағына түспеуге көмектеседі:

- жасалатын операцияны (төлемдерді, аударымдарды және т.б.) растау үшін SMS-коды хабарламаңыз;
- интернет-банкінгтегі жеке кабинетіңіздегі құпиясөзді хабарламаңыз;
- банктік картаңыздың артқы жағындағы CVV/CVC-кодтарды хабарламаңыз;
- бөгде мобильді қосымшалар, оның ішінде қондырғыларға қашықтан кіру қосымшаларын да орнатпаңыз;
- қаржылық аккаунттар үшін бірегей және күрделі құпиясөздер қолданыңыз;
- қосымша қорғау үшін екі факторлық бірдейлендіруді қосыңыз;
- электрондық поштадағы қосымшаларды, әсіресе бөгде жөнелтушілерден келетін қосымшаларды ашу кезінде сақ болыңыз;
- күдікті интернет-ресурстарға (сайттарға) кірмеңіз;
- банктік операцияларды қоғамдық Wi-Fi арқылы жүзеге асырмаңыз.

Егер сіз өзіңіздің дербес деректеріңіз не өзіңіздің деректеріңіз туралы ақпаратты абайсызда жария еткен болсаңыз, үшінші тұлғаларға мәлім болса, онда өз карталарыңызды бұғаттаңыз және банктік қосымшада жеке кабинетіңіздің, электрондық поштаның, әлеуметтік желілердегі аккаунттарыңыздың құпиясөздерін ауыстырыңыз. Сондай-ақ, егер алаяқтар сіздің шотыңыздан ақша алып үлгерсе, міндетті түрде өз банкіңізге, сондай-ақ құқық қорғау органдарына жүгініңіз. Банк карточканы бұғаттайды және жаңасын қайта шығарады.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ЕЛДІҢ АЛТЫН ТҰТҚАСЫ

Қазақ тілі - дүниедегі ең шұрайлы, кестелі тілдің бірі деп жатамыз. Ия, Қазақ тілі - өте бай тіл! Қазақ тілінде жазылған тамаша шығармалар қанша, жылығатын, жұбататын жырлар қаншама. Қазақ халқының бойына сіңген ата - бабаларымыздың тәлім - тәрбиесі, үлгі - өнегесі, біздің тұлға болып қалыптасуымызға себепкер болғаны, үлкен үлес қосқаны байқалатыны анық. Осындай гауһар тілімізді өз дәрежесінде пайдалана алмауымызға кезіндегі кеңес өкіметінің солақай саясаты әсер етсе, ал дәл қазіргі күні қоғамның барлық саласында қазақ тілінің мәртебесі жоғары болуы қажет деп санаймын.

Осы орайда Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін біздің даңғаз жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек. Егемен елімізде өмір сүретін барлық ұлттарға мемлекеттік тілді меңгеруге толықтай жағдай жасалған.

Жалпы кез келген елде тілдің ахуал өзгерген жағдайда тіл саясаты да жаңа талаптармен толығып отыратыны ақиқат. Және барлық елдерде мемлекеттік тілді білу заң арқылы міндеттелген. Ал, біздің «Тіл туралы» заңымызда «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» деп көрсетілген. Яғни, мемлекеттік тілді меңгеру тек «парыз» ғана. Менің ойымша, Президент Жолдауындағы қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлін күшейту үшін «Тіл туралы» заңға өзгерістер енгізіп, мемлекеттік тілге қатысты жауапкершілік белгіленуі керек. Әлемде жеті түркі мемлекеті бар десек, соның алтауы өз тілінде ел басқарып, бір-бірімен қарым-қатынасты тек өз тілінде жасауда.

Кез келген қазақ, қазақстандық бір-бірімен тек мемлекеттік тілде сөйлесетін уақыты келді. Тәуелсіздік қазаққа не берді десек, санымыз өсті, санамыз өркендеді, рухымыз жаңданды. Рухымызбен бірге тіліміздің тұғыры да биіктеуі шарт.

Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», - деп Қадыр Мырзалиев ағамыз айтқандай, қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды. Дегенмен, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әр қазақтың үлесі болса екен. Халқымыздың «Қай тілде сөйлесең, сол тілде ойлайсың. Қай тілде ойласаң, сол тілдің жанашырысың», «Өсер ел, алдымен, тілін қадірлейді» деген сөздері есімізден шықпағаны жөн деп санаймын.

Қарлығаш АЮПОВА,
Тайынша аудандық сотының бас маманы.

ӨЗІҢІЗГЕ, ЖАҚЫНЫҢЫЗҒА ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАҢЫЗ!

Вакцина - инфекцияны болдырмаудың немесе аурудың асқынуын болдырмаудың жалғыз сенімді әдісі. Вакцинация көптеген инфекцияларға қарсы қолданылады. Вакцинацияланған адам ауырып қалса да, аурудың асқынуы мен ауыр ағымының ықтималдығы нөлге тең болады. Салауатты өмір салты, ұтымды тамақтану, әрине, адам өмірінде болуы керек, өйткені олар бүкіл ағзаның қалыпты жұмысын қамтамасыз етеді. Бірақ, өкінішке орай, бұл факторлар инфекциялардан қорғауға кепілдік бере алмайды.

Өкінішке орай, бірде-бір вакцина инфекциядан жүз пайыз кепілдік бере алмайды, дегенмен бұл тәуекелдерді айтарлықтай төмендетеді. Сауатты вакцинация (дозалар арасындағы қажетті аралықты сақтай отырып) иммундық жүйені вирусқа дұрыс жауап беруге үйрете алады. Сондықтан, егер инфекция пайда болса да, ауру әлдеқайда жеңіл түрде өтеді, немесе тіпті ауру белгілерсіз өтуі де мүмкін. Вакцина жұмыс істеуі үшін иммунитет оған дұрыс жауап беруі керек - тиісті иммундық жауап беру керек.

Ұжымдық иммунитет - халықтың көпшілігі белгілі бір вирустан қорғалған кезде қол жеткізіледі және вакцинацияланбайтын осал топтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Вакцина сақтықпен қолданылады, әр вакцинацияға жеке-жеке сәйкес келеді. Вакцинация жасамас бұрын дәрігер вакцинацияланатын адамды тексереді, сауалнама жүргізеді, вакцинацияға ақпараттандырылған келісім береді, содан кейін вакцинацияға жібереді. Республика бойынша 18 жасқа дейінгі балаларды қызылшаға, қызамыққа, паротитке, полиомиелитке, дифтерияға, көкжөтелге, сиреспеге, гемофильді инфекцияға, А және В гепатитіне қарсы қосымша жаппай және өсумен иммундау жүргізіледі, вакцинацияны медициналық ұйымға тіркелген жері бойынша алуға болады.

Қазақстан Республикасында вакцинация тегін жасалады! Өзіңізге және жақындарыңызға қамқорлық жасаңыз!

Галина ТОЛСТОЛУЖИНСКАЯ,
Тайынша аудандық санитариялық-
эпидемиологиялық бақылау басқармасы.

ҚОҒАМДЫҚ КЕСЕЛМЕН КҮРЕС - ОРТАҚ ІС

Айдос ЖҮНИСОВ,
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыстық департаменті
басшысының бірінші орынбасары.

Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты қоғамның сұраныстарына қарай және де ұлттық, сонымен қатар шетелдік тәжірибені ескере отырып, үнемі жетілдіріп отыруды қажет етеді. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңда іс-қимыл шараларының бірыңғай жүйесін құру, қоғамдық кеселдің кез келген көрінісіне тезбеушілік иммунитетін қалыптастыру, оған қарсы күреске азаматтарды белсенді түрде тарту, сындарлы әріптестік орнату, басқару қызметінің үйлестіруші әлеуетін күшейту атап көрсетілді. Осылайша командалық ауысулар үшін жасалатын жағдайлар азайтылып, мемлекеттік қызметшілердің тиімділігін бағалаудың әдіс-тәсілдері қайта қаралды. Жергілікті және орталық мемлекеттік органдарда әдеп жөніндегі уәкілдер институты құрылды. Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын, мемлекеттік функцияларды орындауға құзыреттілік берілген, оларға теңестірілген адамдарға және олардың отбасы мүшелеріне қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты сыйлықтарды алуға, сыйға тартуға толық тыйым салынды. Аталған адамдардың жақын-туыстарымен, жұбайларымен және жекжаттарымен бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу туралы нормалар күшейтілді. Қаржылық бақылау шаралары жетілдіріліп, мемлекеттік қызметшілер, оларға теңестірілген тұлғалар, олардың жұбайлары жалпыға бірдей декларациялау шеңберінде өздерінің барлық активтерін тіркеп, «кіріс» декларацияларын ұсынуға міндетті. Әкімдердің қызметін бағалау «сыбайлас жемқорлық деңгейі» нысаналы индикаторымен толықтырылып, өңірлік өлшеу әдістемесі бекітілді. Судьяларды іріктеу және бағалау жүйесі жақсартылды. «Татуластырушы судья» лауазымы енгізіліп, бұл соттарға жүктемені үш есе азайтты. Десек те, сыбайлас жемқорлық алғышарттарын жоюға мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор әркез мүдделілік таныта бермейді. Ішкі талдау «өзін-өзі тазартудың» пәрменді құралына айнала алған жоқ. «Тұрмыстық» сыбайлас жемқорлық іс жүзінде көптеген салаларда сақталып отыр. Негізгі себептер—әкімшілік кедергілер, екіұдай мағыналы және дискрециялық нормалар, мемлекеттік органдардың жеткіліксіз ашықтығы, баламалы (қағаз) негізде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер үлесінің басымдығы. Бұдан бөлек, цифрлық шешімдердің бір бөлігінің сапасыз немесе жартылай іске асырылуы да жемқорлық тәуекелдерін туындатады. Мұндайда лауазымды адамдар «жалған» цифрландыруды пайдалана отырып, қылмыстық әрекеттерін жалғастырса, азаматтар мен кәсіпкерлер өз мәселелерін шешудің заңсыз жолдарын іздеуге мәжбүр болады.

Президент «Халық бірлігі және жүйелі реформалар—ел өркендеуінің берік негізі» Жолдауында Жалпыұлттық іс-шаралар жоспары аясында сыбайлас жемқорлықпен тиімді күресті жалғастыру қажеттігін айта келіп, құзырлы агенттікке жыл соңына дейін орта мерзімді кезеңдегі іс-қимылымызды айқындайтын стратегиялық құжатты бекітуге тапсырма берді. Бұл ретте «тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты» еңсеруге айрықша назар аударылды. Осы негізде «Қазақстан Республикасында 2022–2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың жаңа тұжырымдамасы» бекітіліп, тұрмыстық жемқорлық, мемлекеттік және жеке секторлардағы жемқорлық тәуекелдері, бюджет қаражатын бөлу үдерісінің жоғары сыбайлас жемқорлық осалдығы, сатып алулардың ашықтығының жеткіліксіздігі, мемлекеттік экономикаға қатысуының жоғары деңгейі сияқты түйінді проблемалар атап өтілді. Құжатта қоғамдық сананы өзгерту, жемқорлық пен непотизмнің кез келген нысандарын қабылдамау, алдын алу шараларының басымдығы, мемлекеттік органдардың транспаренттілік және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу қағидаты бойынша халықпен ынтымақты іс-қимыл форматына көшу маңызды. Әртүрлі нысаналы топтар деңгейінде декомпозицияланған коммуникациялық шаралар кешенін қабылдау қоғамдық сананың сыбайлас жемқорлыққа қарсы негізгі рөл атқаратынын күнделікті қызмет барысында көз жеткізіп жүрміз.

Бағытталған өткен ведомствоаралық кеңесте спорт саласына қатысты сыртқы талдау қорытындылары талқыланып, жыл басынан 39 қылмыс тіркелгені әшкереленді. Қылмыстық жауапкершілікке бұрынғы вице-министр, комитет төрағасы, дирекция басшысы сияқты лауазымды тұлғалар тартылған. Соңғы 6 жылда 1,4 трлн.теңге бөлінгеніне қарамастан халықаралық рейтингте көп төмендеп кеткен. Цифрландыру технологиясын енгізу кенжелеп қалған. Соңғы 3 жылда футбол клубтарына лимиттен тыс 30 млрд. теңге төленген. Департамент жұртшылықтың арыз-шағымдары бойынша жергілікті кәсіби спорт саласындағы сыбайлас

жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізіп, 17 фактіні әшкерелеп, тиісті орындарға 19 ұсыным жолдады. Техникалық ерекшеліктерді, мемлекеттік сатып алуды жүргізу рәсімдерін, баламалы коммерциялық ұсыныстарды зерделеу, бюджет қаражатының тиімді жұмсалудың зерделеу кезінде қаржылық шығыстарға бақылаудың жеткіліксіздігі салдарынан бюджет кодексінің 32 бабының талаптары өрескел бұзылғаны анықталды.

Атқарылған жұмыстарға жалпы шығыстарды ғана дәйектейтін жалпылама акт толтырыла салған. Бармақ басты, көз қысты әрекеттердің тамырына балта шабу еліміздің стратегиялық дамуындағы негізгі басымдықтардың бірі саналатындықтан, ведомство ерекше кез келген құқық бұзушылықтың тамырын кесуге мүдделі. Қоғамдық дертті болдырмау—өз қолымызда. Тиісті шара қолданудың бір ұшығы азаматтардың белсенділігіне келіп тіреледі. Көпшіліктің көмегіне сүйене отырып, жемқорлықтың салдарымен емес, оны тудыратын себептерін таразылаудың мәні айрықша. Құқықтық актілерді түсіндіру, қызметте автоматтандырылған жүйені қолдану, адамдарды мәселелерді шешудің заңсыз жолдарын іздеу қажеттілігінен қорғануына мүмкіндік беру, жас ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөлу, олардың бойында адалдық, заңдылық, жаман дағдыларға тезбеушілік көзқарасын сіңіру—мұның бәрі қоғамдық жегіге қарсы саясатты дамытудың негізгі қағидадарына үйлестіріліп отырады. Көшіліктің күтетіні — баршаның заң алдындағы теңдігі, қоғамға есеп берушілік, қылмыстарды алдын алудың басымдығы, мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы, нәтижелілік, жауапкершілік бұлтартпастығы. Бұл орайда уәкілетті органның қызметін одан әрі жетілдіруге баса назар аударылады. Былтыр облыстық тексеру комиссиясының мүшесі мен халықты әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының сыбайлас жемқорлық үшін бірінің сотталып, екіншісінің миллиондаған айыппұл төлегені тұрғындар арасында үлкен қоғамдық резонанс тудырғаны белгілі. Іс материалдарынан белгілі болғандай, ревизор бірқатар заң бұзушылықтарға көз жұма қарап, «қызметіне» сыйақы талап еткен. Ол мұнымен шектелмеген. Тағы бір мекемені тексеру кезінде жемсауы бұлкілдеп, 300 литр бензинге талон түрінде пара дәметкен. Оған жеті жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды. Ұйым жетекшісі өзіне сеніп тапсырылған бөтеннің мүлкін иемденгені үшін кінәлі деп танылды. Осы оқиғаға орай басқа да мемлекеттік органдардың қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдама жүргізіліп, белсенді жұмыстар атқарылды. Өңірде «Бизнеске жол» жобасы аясында 4 объектіге 1,4 млрд. теңге қарастырылды. Жарты мыңға жуық кәсіпкердің мүддесі қорғалды. Қайтарылған қаражат—267 млн. теңге. Алайда мемлекет мүддесін жеке бас пайдасына жаратқысы келетіндер жоқ емес. «Аграрлық кредит корпорациясы» АҚ жергілікті филиалының басшысы «Бизнеске жол» жобасын жүзеге асыру шеңберінде мол былыққа батқаны үшін тұтқындалды. Ол 2021-2025 жылдарға арналған агроөнеркәсіпті дамытудың ұлттық бағдарламасы бойынша мәселелерді дұрыс шешіп беремін деген желеумен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден жүйелі түрде 100-500 мың теңге мөлшерінде пара алып отырған. Қалалық тұрғын үй, коммуналдық шаруашылығы бөлімі 2019-2022 жылдар аралығында мемлекеттік сатып алудың үштен бірін ғана портал арқылы рәсімдеген. Келісім-шарттардың 70 пайыздан астамы бір көз арқылы жүзеге асырылған. «Коммунахоз» кәсіпорны 14 млрд. теңгені субмердігер ұйымдарға заңсыз төлеген. 365 келісім-шартта баға асырып көрсетілген. 3 жылдың ішінде бөлім жетекшісінің міндетін уақытша орындаушы 8 рет жауапкершілікке тартылып, айыппұлмен құтылып отырған. Қалалық әкімдік есебіндегі 1,5 мың пәтер бойынша өрескел заңбұзушылықтар дереу түзетілді. Жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалардың тізімнен еш негізсіз шеттетілген 1360 оқиғасы тіркелді. Оларға тиесілі 70 пәтер баспана кезегінде жоқ әлдекілерге берілген. Былтыр аудандық оқу бөлімінің есепшілері бюджеттің қаражатын «өлі жандарға» және өздерінің жеке есеп-шоттарына аударып, 90 млн. шығын келтірген. Жемқорлыққа тәуекелдің 20 фактісі тіркелген. Жыл басынан бері «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 680-ші бабымен (Мемлекеттік органдар басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдамауы) әкімшілік жауапкершілікке екі басшы тартылды. Олар мамандарды жұмысқа активтер мен міндеттемелер туралы декларациясыз қабылдап, 426100 теңге айыппұл төлеулеріне тура келді. Тауарлардың бағасын (505 млн. теңге) жасанды түрде көтерудің жолы кесілді. 63,1 млн. теңгенің сатып алу күші жойылды.

Меншік иесі: «Тайынша таңы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып,
мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу
жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп,
№10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.»
ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы,
Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 129 . Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:

8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері
редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба
қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап
жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен
материалдардың мазмұны мен мәтініне
хабарлама беруші автор өзі жауапты.